



**ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ЕЛШІЛІГІ
АСТАНА**

Астана, 2023 жылғы 1 наурыз

Құрметті қамқор жан

Елімде 2023 жылдың 6 ақпанында эпицентрі Кахраманмарашта болған екі үлкен жер сілкінісі 10 провинциямызда үлкен адам мен материалдық шығынға әкелді. Апатты зілзала орын алған алғашқы күннен бастап Қазақстанда үкіметтік деңгейде, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен еріктілер тарапынан көптеген материалдық және моральдық көмек науқандары басталды. Осылайша, Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен бауырларына көмек қолын созып, ниеттестіктің айрықша үлгісін көрсетті.

Сіздердің де жіберген көңіл айту хаттарыңыз, жылы тілектеріңіз, көрсеткен материалдық және моральдық қолдауларыңызбен тілектестігіңіз бізді қатты тебіrentті, жер сілкінісінен зардап шеккендерге күш-қуат берді. Жасаған қайырымдылықтарыңыз AFAD-тың (*Түркия Республикасының апат және төтенше жағдайлар басқармасы*) ресми шотына және тиісті мекемелеріне жіберілді.

Көрсеткен қолдауыңыз бен ниеттестігіңіз үшін басы қаралы, жаны жаралы барша отандастарымыздың атынан шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Бауырлас халықтың көрсеткен қолдауын Түркия әрқашан мақтаныш және ризашылықпен есте сақтайтын болады.

Аман болуыңызды тілей отырып, құрмет пен сәлемімізді білдіреміз.

Уфук ЭКИДЖИ
Түркия Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және өкілетті елшісі